

Елінің

еңлік

гүлі



Үлкен тұлға  
туралы  
кішкентай шолу

Фариза Оңғарсынова

2014 жыл



1939 жылдың 5 желтоқсанында Гурьев (қазіргі Атырау) облысы, Новобогат ауданына қарасты Манаш ауылында туған.

1961 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін бітіріп, Балақшы ауданының Еркінқала, Октябрьдің 40 жылдығы атындағы қазақ мектептерінде ұстаздық еткен.

1966-1968 жж. Гурьев облыстық "Коммунистік еңбек" газетінің партия тұрмысы бөлімінде әдеби қызметкер болып істеген.




1968-1970 жж. республикалық "Лениншіл жас" газетінің Ақтобе, Гурьев, Орал облыстары бойынша меншікті тілші қызметін атқарған.

1970-1978 жж. республикалық "Қазақстан пионері" газетінің бас редакторы, 1978 жылғы желтоқсаннан "Пионер" журналының бас редакторы болып істеген.

1978-1996 жж - республикалық «Қызыл-Нер» (қазіргі «Ақ желкен») журналының бас редакторы. ҚР Парламенті Мәжілісі 1-ші және 2-ші шақырылымдарының депутаты (1996-2004)





Шығармашылық жолы: алғашқы өлеңдері баспасөз беттерінде 1958 жылдан бастап шыққан. Әр жылдары 20 - дан астам өлеңдер жинақтары, очерктері, таңдамалы шығармалары, "Біздің Камшат" повесі, аудармалары "Жалын", "Жалын" сынды баспаларынан жарық көрді. Орыс, туысқан Республикалар ақындарының, Чили ақыны П. Неруданның жырларын, кейбір драмалық шығармаларды қазақ тіліне аударған. Ф.Оңғарсынованың өлеңдерінде жасандылық жоқ, азаматтық лирикасы сыншылдығымен, қоғамдағы, адам мінезіндегі келеңсіз тұстарды да дәл нысанаға алумен ерекшеленеді. Мысалы: "Жүрек емің" деген өлеңінде азаматтық сарын, ар - ождан тазалығы немесе арсыз жандардың жағымсыз жат қылықтарын ашына былайша жырлаған:


Не қасиет күтерсің бүгін елден,

Жасқаншақтап күйеудей бұрын келген.



Айтар сөзін көмейге көміп қойып,

Күн кешеді қорқумен, дірілдеумен. (үзінді)

Шындық, қайсарлық, адамгершілік, махаббат, сенім сияқты фило -  
социалдық категориялар Фариза Оңғарсынованың поэзиясында  
нанымды, салмақты көрініс тапқан.



Марапаттары: қазақ ақыны, халық жазушысы журналист елі үшін, ерінбей, аянбай еңбек атқарғаны үшін : 1976 жылы " Құрмет белгісі" сосын ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты 1979 жылы, Халыққа білім беру ісінің үздігі 1985, Қазақстанның халық жазушысы 1991 жылы, «Парасат ордені» 1996 жылы, Қазақстанның халық ақыны, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.



## Өлеңдері:

Әке туралы ой  
Бесікте жаттым уілдеп,  
Сол бір сұрапыл соғыс  
күндерде,  
Қан кешіп біздің әкелер  
Сонау батыста жырақ  
жүргенде.

"Жан әке" деген бір ауыз  
сөзді

Айта алмай  
Қалғандар көп қой, бір  
мен бе?..

Жиырмада, қыздар,  
жайқалған гүлдей  
Көз тартып бейне  
жанасың,

Сол  
жиырма жаста құшақтап  
мені қалыпты жалғыз  
анашым.

1957ж

АНАМА  
Кеудеңде мені  
тербеттің,  
Жас шыбық енді  
көктеді.  
Мінеки мен де ер  
жеттім,  
Еңбегің бекер  
кетпеді.

Өмірде мынау ең  
жақын,

Аяулым сенсің,  
анашым!

Болмаса мейлі  
зор даңқың,  
Мен үшін бірақ  
данасың.

1957ж





## А Қ Ы Н

Ақынның нәзік жүрегі  
Самалдан тоңар гүл еді.  
Халқының махаббатымен  
Ақсұңқар құстай түледі,  
Ел ғана - тұғыр, тірегі.  
Әділет үшін жан салып,  
Алдында тұрсын қанша алып -  
Шындыққа жетпей тынбайды,  
Қияметтерге қарсы ағып,  
Баурайды сонда бал шабыт.  
1961 ж.



Қыз сыры  
Жігіттердің жүрегін  
Ұрлай бергім келмейді.  
Сүйдім деген тілегін  
тыңдай бергім келмейді.  
Кез келгенін ғашық қып,  
Әлек еткім келмейді.  
Аз күндік жай машық қып  
Және де өткім келмейді.  
Алғашқы арман-тілекті  
Шетке ысырғым келмейді.  
Бірді сүйген жүректі  
Көпке ұсынғым келмейді.  
1959 ж.





Жастық пен балалық:

Жастық:



Қасіреттермен қол жеткен салтанаттарда  
Даңқын еліңнің өрлеткен шартараптарға  
Мақтаныштарды мақта сен, тайсалма, жаным,  
Жалға сен солай шақта.  
Әсем қайсарлар әнін !

Балалық:

Қызыл туларға қараймын  
Алаулап тұрған шыңдарда.  
Алдымда өмір - ақ айдын  
Мені де салар сындарға.  
Інісі болдым жасымнан  
Комсомол аға қыранның.  
Ерлікпен даңқын асырған  
Коммунистерге ұланмын!







*Фариза! Фаризажан, Фариза-қыз,  
Өмірде ақындардың бәрі жалғыз.  
Шыдай-шыдай ақыры жалығармыз,  
Бірімізден біріміз арылармыз.  
Біздерді де жоқтайтын жан болса ...*

*Мұқағали*



Қазақ ақыны, халық  
жазушысы, журналист,  
Қазақстан  
Республикасы  
Парламенті  
Мөжілісінің I және II  
шақыруларының  
депутаты (1996-2004).

Фариза 1  
Оңғарсынова

**Оңғарсынова, Фариза**

Таңдамалы шығармалар [Мәтін]: екі томдық. I том: өлеңдер мен поэмалар / Ф.Оңғарсынова; [пікір жазғ. Ә.Жәмішев]. – Алматы: Жазушы, 1987. – 350б.

Фариза 2  
Оңғарсынова

**Оңғарсынова, Фариза**

Таңдамалы шығармалар [Мәтін]: екі томдық. I том: өлеңдер мен поэмалар / Ф.Оңғарсынова; [пікір жазғ. Ә.Жәмішев]. – Алматы: Жазушы, 1987. – 367 б.

**Оңғарсынова, Фариза**

Шашы ағарған қыз [Мәтін]: Мақала, эссе, повестер / Ф.Оңғарсынова; [ред. Б.Ақбұзауова, У.Қалижанов ]. – Алматы: Жазушы, 1990. – 336б.: портр., сур.



1967 жылы "Бұлбұл" деген атпен тұңғыш жыр кітабы жарық көреді.

Бүгінде Фаризаны білмейтін оқырман кемде-кем. Ақынның жазған жырлары санаулы болып сайрады. "Маңғыстау монологтары" ақынның отыз жасындағы қолтаңбасы. Содан бері "Мазасыз шақ", "Мен сенің жүрегіндемін", "Шілде", "Сенің махаббатың", "Дауа" сияқты кітаптары адам атты күрделі жаратылысты сан зерттейді. Олар не туралы? Махамбеттің мұңын сезгенде, қайратынан жыр жанығанда өршіл сарыаңға ерік береді. Міне, Фариза ақынның халқына ұсынған өр мінезді жырлары осы еңбектері арқылы белгілі болды.

Лирикалары. Ақын әйелдер жанының күпиясын, арманын, махаббатын көп жазады. Ол сезім күйлерін шертуге, Әлия мен Мәншүктің тағдыры мен трагедиясына дастандар арнады.

Ақын - өз заманының ар-ұжданы. Ол болашақ үшін өмір сүреді. Әлденеден мұнайған кезінде, біреудің насықтығынан жүрегі мұздаған кезінде, кешегі досының бүгін теріс айналғанын көргенде Фаризаның досы, сенері, мұдасы, берер дәрі-дауасы - поэзия.

Ақын жырында әйелдер бейнесінің көңіл күйі дауылды сезім і болып жырланады, тек жай жырлау емес, қазіргі замана талабының биік өрісіне лайықтап жырлау - Фариза туындыларының бір қыры.

Фаризаның беріліп, шабыттанып, аса құмарта, кең көсіліп жырлаған табысты тақырыбы - махаббат, сүйіспеншілік тақырыбы нан басқа да саяси-әлеуметтік тақырыптарды әуелде публицистикалық толғау үлгісі арқылы игерген ақын бірте-бірте философиялық, психологиялық монолог формаларға ауысып суреттегенін көреміз. Туған жер, Отан-Ананы нақты сурет, бейнелі тіл, көркем тәсілмен өрнектейді.

Жыр әлеміне құлаш ұрған ақын жырлары өз оқырмандарын қуанта берері сөзсіз.



Қазақтың ұлттық поэзиясына өзіндік өзгеше леп әкеліп, ерекше дарын иесі екендігін барша өнер сүйер қауымға мойындата білген Фариза Оңғарсынованы ақтық сапарға шығарып салуға ҚР Премьер-Министрі Серік Ахметов, ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіхалықова, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы Нұртай Әбіқаев, Астана әкімі Иманғали Тасмағамбетов, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед, ҚР Парламенті депутаты, еліміздің көрнекті мәдениет және өнер қайраткерлері, жазушылар, ақындар және мыңға тарта елорда жұрты келді.

75 жасына қараған шағында аяулы ақын апамыз – қоғам қайраткері, халқының ардақтысы Фариза Оңғарсынова 2014 жылы, 23 -ші қаңтар күні өмірден озды.

Фариза Оңғарсынова сегіз қырлы өткір сөзін ақыл адырнасымен құлаш тайартып, әрбір ойын желге қарсы ұшқан жебедей кісінетіп айтатын, сезімін тұманнан тұнған тамшыдайын мөлдір етіп сөйлететін Ақын еді.

Фариза мәңгі қазақтың жүрегінде, қазақ қанша мәңгі жасаса, қазақтың Фаризасы да мәңгі жасайды !



Назар салып тындағандарыңызға  
рақмет!!!

